



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz



Құрметті Ассамблея мүшелері!
Қалірілі қауым!

Еліміз жақында Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек. Бұл – анық ақиқат.

Ассамблеяның алкалы жиынын жыл сайын ел бірлігі күніне орай өткізу дәстүрге айналды. Бұл сессия – көктем мезгілінде мемлекеттік деңгейде өтетін ең ауқымды іс-шара. Мұнда еліміз үшін өте маңызды ұсыныстар айтылады.

Мен былтырғы сессияда Ата заңымызға өзгерістерді референдум арқылы енгізу туралы бастама көтердім. Көп ұзамай халқымыз өзінің тарихи таңдауын жасады. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді. Бұл – Ата заңымыз қабылданғаннан кейінгі алғашқы референдум. Біз осы бастама көтерілген кезде

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ДАМУ»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



ел тағдырын айқындайтын маңызды жолдан бастауында тұрдық. Мақсатымызды айқындап, нақты жоспар құрдық. Дәл осындай тарихи сәтте халықтың бірауыздан қолдау білдіруі өте маңызды болды. Осыған орай түрлі

ұсыныс айтылды. «Өзгерісті Парламент арқылы жасау қажет» деген пікірлер де болды. Бірақ біз әрбір азаматтың пікірін білген жөн деп шештік. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағидатты

ұстандық. Осылайша, «Келісіп пішкен тон келте болмайтынына» бүкіл ел болып көз жеткіздік.

Бір жылдың ішінде атқарылған жұмысқа зер салсақ, былтырғы референдумның тарихи маңызы зор екенін

түсінеміз. Бұл Әділетті Қазақстанды құру ісіне бүкіл халықты жұмылдырған науқан болды. Жұртымыз жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсетті. Референдумның түпкі нәтижесі және халқымыздың басты жетістігі – осы.

Біз «бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды» дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі.

Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, жұмыста, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек.

Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиынқыстау заманды өткерген, казак жерінен пана тапқан барша этностар үшін де

қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!

Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады. Біз осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болуымыз керек. Татулық пен келісімнің ерекше маңызы екенін жұрттың бәрі бірдей сезінбеуі мүмкін. Сол себепті кейде «Ассамблеяның қажеті жоқ» деген ұшқары, яғни күмәнді пікірлер айтылып жатады. Шын мәнінде, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Ассамблея қасиетті казак жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Баршаның осы маңызды миссияны абыроймен атқара бересіздер деп сенемін.

2,3-беттер

САПАР

МИНИСТР ОҢТҮСТІК АУДАНДАРДА БОЛДЫ



Бейсенбі күні Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Жаңақорған, Шиелі аудандарында білім беру нысандарының жұмысымен танысты. Білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде мәжіліс өткізді.

Алдымен ведомство басшысы Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының жұмысын көріп, осында білім алып жатқан «Сыр дарыны» академиясының оқушыларымен кездесті. 320 орындық орталықта 55 қызметкер бар, нысан 2011 жылы пайдалануға берілген.

М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мәжіліс өтті. Оған Қызылорда қаласы мен барлық аудандардың әкімдері және білім беру ұйымдарының басшылары онлайн

форматта қатысты. Мәжілісте білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тәуекелдерін болдырмау туралы екі мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиқов, Оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Ернұр Дәуенов бейнебайланыс арқылы хабарлама жасады.

4-бет



БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың Қызылорда облысына жұмыс сапары Қазалы, Жалағаш аудандарында жалғасты.

Қазалы ауданындағы Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында ведомство басшысы мен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім саласы, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, зиялы қауым өкілдерімен және ата-аналармен кездесті. Кәметке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі бойынша «Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ міндет» атты бірлескен кенес отырысына қатысты. Жиында облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшидин Әмитов, облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет және аудан әкімі Мұхтар Оразбаев баяндама жасап, ұстаздар

мен ата-аналар өз пікірлерін білдірді.

Аймақ басшысы тәрбие ісіндегі басты бағдар балалардың құқық бұзушылыққа бармауын қатаң қадағалау екенін, бұл орайда атқарылуы тиіс іс-шараларды атап өтті.

Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық білім басқармасының және облыстық полиция департаментінің басшылығы оқу орындары басшыларымен бірлесе отырып, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты, олардың өзара қарым-қатынасындағы келенсіздікті болдырмауға бағытталған жедел жұмыстарды күшейтуі тиіс. Ол үшін оқушылардың бос уақыты дұрыс әрі пайдалы етіп ұйымдастырылуы керек.

4-бет

АУЫЛДАҒЫ ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданының Ү.Түктібаев елді мекенінде денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.



Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән берілетінін атап өтті. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында «Денсаулық кепілі – дене шынықтыру. Халықтың спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуы қажет» деген болатын. Былтыр Қазалы ауданының дамуына 29

млрд теңгеден астам қаржы бөлінсе, биыл 30 млрд теңгенің үстінде қаражат қаралуда. Оған сіздерді бұрыннан толғандырып жүрген, халыққа ең керекті әлеуметтік мәселелер ретімен шешілетін болады. Спорт кешенінің ашылуымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Ауылда қуаныштар көп болсын, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

4-бет



